

## **Қазақстан Республикасының меншігіне Пәкстан Ислам Республикасында жер телімін және жылжымайтын мүлік сатып алу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 мамырдағы N 445 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Пәкстан Ислам Республикасындағы Елшілігін әкімшілік орналастыру үшін Қазақстан Республикасының меншігіне Исламабад қаласы , F-8/2 сектор, N 19 көше, N 10 үй мекен-жайы бойынша орналасқан жер телімін және ғимаратты (бұдан әрі - Жылжымайтын мүлік) сатып алу туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шет елдерде жылжымайтын мүлік сатып алу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Жылжымайтын мүлікті сатып алуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақы төленетін күнге белгілеген бағам бойынша 1090000 (бір миллион тоқсан мың) АҚШ долларына баламалы сомада ақы төлеуді заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізісін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты түрде пайдаланылуын бақылауды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*